Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңі

Школьный этап республиканской олимпиады по общеобразовательным предметам

Жауап парағы

Бланк ответов

## Қатысушылардың жұмысын шифрлау парағы
## Титульный лист для шифрования работ участников

**Қатысушының жұмысы**

**Работа участника**

Толтырылған беттер саны:___ (Количество заполненных листов)

Шифр: Ӽm - 09 - 02

„Тәуелсіздік - ұлт рухының бастауы"

Эссе

Тәуелсіздік жолында қаншама ата-бабамыздың жаны, қаны пида болған. Осы күні аман-сау бір шатыр астында отырып, тамағымыз тоқ, көйлегіміздің көк болуы - ұрпағымыз тәуелсіз де, азат болсын деп армандаған қазақ батырларының арқасы. Олардың ішінде батырлар, зиялылар сонымен қоса қиын-қыстау заманда жыр-толғауларымен қазақтың еңсесін көтерген, мына біздерге мұра болып қалсын деген ниетпен жазған ақын, жазушы, жырауларымыздың тәуелсіздік жолына қосқан үлестері айтарлықтай өте көп. Қазіргі таңда осындай тұлғалар саусақпен санарлықтай. Ел үшін, жер үшін - атамекен ел үшін деген азамат-азаматшалар жоқтың қасы деп айтсам қате болмайды деп ойлаймын.

Тәуелсіздік үшін бір қасық қаны қалғанша күрескен тұлғалар еңбегі ескіз қалмаса екен деген ой жанды жегідей жейді. Өйткені, осы бір күнге жету үшін қазақ халқының бастан өткермеген қиындықтары жоқ. Ал қазіргі жастар, яғни біздер сол тәуелсіздікке ие болуға лайықпыз ба деген сұрақ мұрша бермейді.

Тақырыпқа терең үңіліп, мағынасын ашатын болсақ, ұлт үшін ең маңыздысы тәуелсіздік. Басқа елдің қарым-қатынасы, сайластығы да осы тәуелсіздік арқылы да ықпал етеді. Сондықтан да тәуелсіздік - ұлт рухының бастауы деп айтылады.

Ұлт рухының бастауы елге деген махаббатпен, патриотизммен, сүйіспеншілікпен нық қадам басады. Егерде әрбіріміздің жүрегімізде атамекенге деген құштарлығымыз шексіз болса, Қазақстан одан бетер көркейе берме еді?!

Қорытындылай келе, тәуелсіздік бабалар арманы. Сол бабаларымыздың арманы сөзсіз орындалды, ұлт рухы жаңғырды. Енді қалғаны қазақ жастарының қолында. М. Жұмабаев атамыз „Мен жастарға сенемін" деп өз ойын ашық жеткізген. Енді бізге сол үмітті ақтау керек.

Тәуелсіздік - отың өшпесін, қазақ елім!